



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2023 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша
Қазақстан Республикасының төлем балансының
алдын ала нәтижелері**

Астана қ.

2023 жыл, 28 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі 2023 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша **төлем балансының алдын ала бағалауын** қалыптастырды.

Төлем балансының **ағымдағы шоты 1,6 млрд АҚШ долл.** тапшылығымен қалыптасты. 2022 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша **4,8 млрд АҚШ долл.** көлемінде профицит тіркелді.

Ағымдағы шоттың оң деңгейден теріс аймаққа ауысуы, ең алдымен, сауда балансы профицитінің төмендеуіне байланысты. Ол 58,3%-ға немесе 7,1 млрд АҚШ долларына төмендеп, **5,1 млрд АҚШ долл.** құрады. Профициттің төмендеуі тауар импортының ұлғаюы аясында экспорттың қысқаруына себеп болды.

Төлем балансының әдістемесімен қалыптасқан тауар **экспорты** өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **14,4%-ға** қысқарып, **18,8 млрд АҚШ долл.** құрады. Экспорттың төмендеуі мұнай мен газ конденсатының экспорты 25,7%-ға немесе 3,5 млрд АҚШ долл. қысқаруына себеп болды.

Төлем балансының әдістемесімен қалыптастырылған тауар **импорты 41,4%-ға** өсіп, **13,7 млрд АҚШ долл.** жетті. Бұл – келіп жатқан импорттың барлық санатының өсуіне байланысты. Ең көп өсім азық-түлікке жатпайтын тұтыну (67,2%-ға немесе 1,4 млрд АҚШ долл.) және инвестициялық тауарларда (61,7%-ға немесе 1,1 млрд АҚШ долл.) байқалды.

Шетелдік тікелей инвесторлардың **кірісі** есепті кезеңде 7,5%-ға (немесе **0,5 млрд АҚШ долл.**) азайып, **6,1 млрд АҚШ долл.** құрады.

Қаржы шотында (резервтік активтерді қоспағанда) **0,7 млрд АҚШ долл.** көлеміндегі оң сальдо (таза әкету), негізінен, мемлекеттік сектордағы операциялар есебінен қалыптасты.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша, резервтік активтер (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда) **36,2 млрд АҚШ долл.** бағаланды. Бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 6,9 айындағы қаржыландыру қажеттілігін жабады.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/platezhnyy-balans-vn-sektora>

Толығырақ ақпаратты телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz